

2002 жылғы көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарына ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді несиелендіру туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы әкімиятының қаулысы 2002 жылғы 27 наурыздағы N 54. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет басқармасында 2002 жылғы 28 наурызда N 576 тіркелді. Қолданылу мерзімінің өтуіне байланысты күші жойылды (Солтүстік Қазақстан облысы әкімі аппаратының 2011 жылғы 17 қазандағы N 01.04-08/2964 хаты)

Ескерту. Қолданылу мерзімінің өтуіне байланысты күші жойылды (Солтүстік Қазақстан облысы әкімі аппаратының 2011.10.17 N 01.04-08/2964 хаты)

2002 жылғы көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын өткізу үшін және "2002 жылғы көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізуді ұйымдастыруға жергілікті бюджеттерді несиелендірудің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 20 ақпандағы N 229 P020229_ қаулысын орындау үшін облыс әкімияты **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Облыстық бюджетке 1 қосымшаға сәйкес өзгерістер енгізілсін.
2. "Көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізуге ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді несиелендіру" 10.1.257.83.00. бюджеттік бағдарлама әкімшісі болып облыстық ауыл шаруашылық департаменті тағайындалсын.
3. Облыстық ауыл шаруашылық департаменті ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді несиелендіруді, несиелендіру жөніндегі операцияларды қолданылып жүрген заңдарға сәйкес жүзеге асыратын ұйымдар арқылы жасайды.

4. 2002 жылғы көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізуге жанар-жағар май материалдарын, тұқымдар, тыңайтқыштар, гербицидтер, ауыл шаруашылығы машиналары үшін қосалқы бөлшектер алуға және ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді несиелендірудің қоса берілген Ережесі бекітілсін

(2 қосымша).

5. Облыстық ауыл шаруашылық департаменті (Сюникаев Р.А.) несиенің мақсатты жұмсалуды және оның белгіленген мерзімде қайтарылуын қамтамасыз етсін.

6. Осы қаулының 1 тармағы облыстық мәслихат сессиясының бекітуіне енгізілсін.

7. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары
Қ.Қ. Қалиевқа жүктелсін.

Облыс әкімі

Облыс әкімиятының
2002 ж. 27 наурыздағы N 54
қаулысына 1 қосымша

2002 жылға арналған облыстық бюджетке өзгерістер енгізу туралы

1. Облыстық бюджет кірістері 1833230 мың теңгеге ұлғайтылсын,
соның ішінде:

Санат	Сынып	Кіші	Ерек	Атауы	Сомасы
	сынып	шелік			мың теңге
1	2	3	4	A	B
6	01	6	01	Республикалық бюджеттен несие беру	900 000
4	02	1	01	Ағымдағы	33 230
5	01	6	03	Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге берілген несиені қайтару	900 000
				Барлығы:	1 833 230

2. Облыстық бюджет шығыстары 1833230 мың теңгеге ұлғайтылсын,
соның ішінде:

Функционалдық топ	Функция	Мекемелік бағдарлама	Бағдарлама	Атауы	Соммасы мың теңге
-------------------	---------	----------------------	------------	-------	----------------------

1	2	3	4	A	B
15	1	105	54	Облыстық бюджеттен, Астана және Алматы қалаларының бюджеттерінен трансферттер	900 000
16	1	105	55	Облыстық, Астана және Алматы қалалары жергілікті атқарушы органдарының берешектерін өтеу	900 000
14	1	105	53,31	Көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізуге ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді несиелендіру бойынша сыйақылар (мүдделер) төлеу	33 230
Барлығы:					1 833 230

Облыс әкімшілігінің
2002 ж. 27 наурыздағы N 54
қаулысына 2 қосымша

2002 жылғы көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізуге жанар-жағар май материалдарын, тұқымдар, тыңайтқыштар, гербицидтер, ауыл шаруашылығы техникасын жалға беруге немесе сатып алуға ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді несиелендірудің
ЕРЕЖЕСІ

1. Жалпы ережелер

Осы несиелендіру Ережесі 2002 жылғы көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін және "2002 жылғы көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізуді ұйымдастыруға жергілікті бюджеттерді несиелендірудің кейбір мәселелері туралы" P020229_ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 20 ақпандағы N 229 қаулысына сәйкес, ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізуге жанар-жағар май материалдарын, тұқымдар, гербицидтер, ауыл шаруашылығы машиналары үшін қосалқы бөлшектер алуға, ауыл шаруашылығы техникасын жалға беруге немесе сатып алуға бюджеттік қаржыдан жеңілдікті несиелендірудің шарттарын, мерзімдерін және механизмін айқындайды.

2. Негізгі ұғымдар

Бағдарлама әкімшісі - ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді несиелендіру және жергілікті қаржысынан қаржыландыру жөніндегі бюджеттік бағдарламаны қалыптастыруға және жүзеге асыруға жауапты - мемлекеттік орган

Агент - Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңдарына сәйкес несиелендіруді жүзеге асыратын және соңғы заем алушыларды ілгеріде несиелендіру үшін жергілікті бюджет қаржысынан несиелендірудің бағдарлама әкімшісімен келісіміне сәйкес құқығына ие ұйым.

Соңғы заем алушы - ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірумен айналысатын заңды немесе жеке тұлға.

3. Несиелендірудің тәртібі

1. Облыс әкімі республикалық бюджеттен алынған несиелендірудің бюджеттік бағдарлама әкімшісі - ауыл шаруашылық департаменті арқылы Агентке ілгеріде агроқұрылымдарды несиелендіру үшін ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізуге қайтарым, төлем, мерзімді және қамтамасыз ету шарттарымен жанар-жағар май материалдарын, тұқымдар, гербицидтер, ауыл шаруашылығы машиналары үшін қосалқы бөлшектер және ауыл шаруашылығы техникасын жалға беруге немесе сатып алуға нәтижелі сыйақы ставкасымен береді.

2. Облыстық бюджетті нақтылау барысында кіріс бөлігінде 601601 " Республикалық бюджеттен берілетін несиелер", 402101 "Ағымдағы" кодтары бойынша түсімдер қарастырылады. Шығыс бөлігінде - 10.1.257.83.00 "Көктемгі

егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізуге ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді несиелендіру", 14.1.105.53.31 "Көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізуді ұйымдастыруға жергілікті бюджеттерді несиелендіру жөнінде (мүдде) сыйақы төлеу" бағдарламалары бойынша шығыстар көзделеді.

3. Бағдарлама әкімшісі Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес Агенттерді айқындайды және жанар-жағар май материалдарын , тұқымдар, гербицидтер, ауыл шаруашылығы машиналары үшін қосалқы бөлшектер алуға, ауыл шаруашылығы техникасын жалға беруге немесе сатып алуға және несиелік ресурстарды облыстық бюджетке 2002 жылғы 15 қарашадан кешіктірмей қайтаруға несие жүйесіне қызмет көрсетуге олармен несиелендіру келісім-шартын жасайды. Несиелендіру келісім-шартында міндетті түрде Агенттің берілген несиелеріне соңғы заем алушылардың берілген несиелер үшін есеп айырысу жағдайларына қарамастан облыстық бюджеттен алынған қаражатын қайтару міндеті айтылады.

4. Несиелендіру келісім-шарты міндетті тәртіпте облыстық қаржы департаментінде тіркеледі.

5. Ішкі несиелендіру саясатына сәйкес Агент тиісті келісім-шарт негізінде аудан әкімдерімен бекітілген және Агентпен келісілген тізімдер негізінде агроқұрылымдарға мақсатты несиелер береді. Аудан әкімдері тізімге қаржылық жағдайы тұрақты, қажетті кепілі бар және 2001 жылы алған несиелерімен дер кезінде есеп айырысқан агроқұрылымдардың әлеуетті заем алушыларын енгізеді. Келісім-шартта қарызға қызмет көрсету бойынша шығыстарға соңғы заем алушы жауаптылық ұстайды.

6. Аудан әкімдері несиелік ресурстар беру және оларды қайтару туралы ауыл шаруашылық және қаржы департаменттеріне мәліметтер ұсынады және олардың мақсатты пайдаланылуын бақылайды.

7. Республикалық бюджетке заемға алынған қаражатты қайтару ағымдағы жылдың 1 желтоқсанына дейін жүргізіледі.

8. Несиелік ресурстар дер кезінде қайтарылмаған және мақсатты пайдаланылмаған жағдайда Ауыл шаруашылық департаменті жасалған несиелік келісім-шартқа сәйкес Агентке санкциялық талап ұсынады.

(Маман: Ысқақова Д.Қ.)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК